

Қарағанды металлургия комбинаты құрылды. ҚМК—толық металлургиялық циклды кәсіпорын. Жылына 5100 мың т шойын 5700 мың т болат, 4300 мың т прокат өндіреді.

Бүгін Теміртау—бүкіл Қазақстанға, ТМД елдеріне өзінің жер қойнауының байлығымен әйгілі, өйткені Теміртау – республикамыздың ірі индустриалды орталығы, еңбеккер даңққа бөленген қала. Аумағы: 29610 га. Халқының саны: 178723 адам. Теміртаудағы «Миттал Стил» зауыты шойын, болат, агломерат және т. б. өндіреді. Бұл өнімдер Қазақстандағы бүкіл өндірістерді, өнеркәсіптерді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, өзінің өнімдерін 60-тан астам елдерге экспортқа шығарады. Теміртауда еліміздің елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еңбек етті, өндіріске мол үлесін қосты, Қарағанды мемлекеттік индустриялық университетінің қабырғасында білім алды. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров та осы қаладан шыққан. Теміртауда ҚМИУ, ТПК және т. б. оқу орындары бар. Мұнда нарықтық экономикаға, осы заманға сай, өндірісте қажетті болатын 40-тан астам мамандық түрі бар. Қазір Теміртауда жаңа зәулім үйлер, арнайы спорт кешендері, діни мекемелер салынуда.

Әдебиеттер:

- Лұқпан, Е. Тұғыры биік Теміртау / Е. Лұқпан; А.Ақын, Т.Смағұл.- Қарағанды: Қарағанды Полиграфия, 2005.– 13-24 б.
- Теміртау [Электронды ресурс].—Қол жеткізу режимі: <http://kk.encyclopedia.kz>.
- Қарағанды металлургия комбинаты // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия.—Алматы: Атамұра, 2006.— 342-343 б.



Құрастырушы: АББ библиографы
Бекжанова Ж.К.,

ОК телефоны: 8(7213) 98-47-60
Факс: 8 (7213) 44-66-81
e-mail: tcsqb@mail.ru

*ММ “Теміртау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі”
Орталықтандырылған қалалық кітапханалар жүйесі
Ақпараттық-библиографиялық бөлім*

ТЕМІРТАУ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ӨСУ КЕЗЕҢІ



Жаднама

Теміртау, 2012

Теміртау—облыс орталығы, Қарағандының серіктес қаласы. Саратов губерниядан көшіп келген алғашқы қоныс аударушылар 1905 жылы Жауырөткел (оның қасындағы шыңның атымен) кентінің



Теміртау осылай басталды

іргесін қалады. 1909 ж. оның аты Самарқан деп өзгертілді.

Теміржолсыз болашақ құрылысты салу мүмкін емес еді. 1942 жылы Солонички-Самарқан теміржолы іске қосылды. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында жұмысшы поселкесінде синтетикалық каучук шығаратын үлкен химиялық зауыттың құрылысы басталды.

Басқа да құрылыстар Самарқан поселкесінде қауырт жүріп жатты. Соған байланысты негізгі құрылыс ұйымдарымен бірге қосалқы салалар да дамыды. Бір кезде 200 ғана адам бар елді мекеннің тұрғындар саны 40-шы жылдарының ортасында 15,5 мыңға жетті. Жұмысшылар поселкесі ол кезде Қарағанды қаласының Киров ауданына қараған.

Мұнда толық металлургиялық циклдағы кәсіпорын салу идеясын 30-жылдары Қ.И. Сәтбаев, М.И. Русаков және А.Н. Сперанский көтерді. Ғалымдардың жобалары Ұлы Отан соғысы жылдары, Украинаның көмір-металлургия базасын неміс-фашист басқыншылары уақытша басып алған кезде жүзеге асыралды.

1942 ж. 25 қаңтарда КСРО Халық комиссарлар кеңесі мен Мемлекеттік Қорғаныс комитеті жергілікті металл сынықтары негізінде Қарағанды облысында металлургиялық қорыту зауытын салу туралы шешім қабылдады. Құрылыс орны ретінде Самарқан кентіндегі Қарағандының ГРЭС-1 алаңының маңы таңдап алынды. Құрылысты Балқаш өңірі құрылысының ерекше құрылыс-монтаж бөлімі мердігерлік әдіспен жүргізді.



Қазақ металлургия зауытының құрылысында

1943 жылдың мамырында Қазақ металлургия зауытының құрылысы басталды. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесінің осы жылғы 24 қазандағы шешімімен зауыт құрылысын шапшаңдату үшін үш мың адам жұмылдырылады. Құрылыс халықтық деп жарияланды.

1944 жылы зауыт құрылысында комсомол жастрадың 38 бригадасы еңбек еткен. Осы жылдың 9 айы ішінде зауыт құрылысында 1300 тонн металл конструкциясы, 540 тонна құрастырмалы темір бетон және 150 тонна аспалы крандар конструкциясы монтажданды.

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 1-қазандағы жарлығымен Қарағанды қаласының жұмысшы поселкесі бөлініп, жеке қала болып шықты. Оған Теміртау деген атау берілді. Ол осы аймақтың келешекте темірден тау тұрғызатынын, құрыш қайнатқан, болат балқытқан ерен еңбек иелерінің мекені болатындығын меңзеп тұрғандай еді.

Елді мекенде 110 орындық бір аурухана, үш емхана, 120 орындық балабақшасы, төрт денсаулық сақтау пункті, 990 оқушыға арналған бір орта мектеп, 400 адамдық екі ФЗО мектебі, екі клуб пен екі байланыс бөлімшесі бар еді.

Қала құрылғанда елді мекен тұрғындарының саны 15 мыңнан асқан. Теміртау қалалық Кеңесі атқару комитетінің алғашқы төрағасы В.И. Манцев деген азамат болды. Ол бұл лауазымда көп отырмаған. Сол 1945 жылы оны К.М. Мұхамедьяров алмастырған. Ол осы орында 1950 жылға дейін қызмет атқарды.

Қазақ металлургия зауыты Қазақстан қара металлургиясының тұңғыш кәсіпорны және осы күнгі металлургия комбинатының ізашары болды. Зауыт құрылысы 1950 ж. басталды. Көлемі 1513 м³ алғашқы домна пешін салу 1957 ж. желтоқсанда қолға алынды. 1958 ж. БЛКЖО 13-съезінде Қазақстан магниткасын салу Бүкілодақтық екпінді комсомол құрылысы деп жарияланды. 1960 ж. 3 шілдеде №1 домна пеші, тұңғыш шойын қорытты, қарашада 2 кокс батареясы пайдалануға берілді, 310 желтоқсанда қазақстандық алғашқы кокс алынды. 1963 ж. 23 маусымда №1 агломерация фабрикасы өнім берді. 1970 ж. Қарағанды металлургия зауыты негізінде